

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚ ТІЛІ ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІРЛЕСТІГІ
ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АКАДЕМИЯСЫ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ**

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК МЕКТЕБІ
ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫ**



**«Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту: тәжірибе,
мәселелер және перспективалары» атты ғалымдар мен
мұғалімдердің халықаралық ғылыми-практикалық
конференциясы материалдарының**

ЖИНАҒЫ

31 қазан 2025 жыл.

Астана қ.

Конференция AP23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты ғылыми жоба аясында ұйымдастырылды.

ӘОЖ 80/81+821
ББК 81.2+84
Т93

**Жалпы редакциясын басқарған – Қапантайқызы Ш.
Редакциялық ұжым: Бибекөв Қ.Т., Кенжалин Қ.К., Шоқабаета С.С.,
Аитова Н.Н., Баймұханбетова М.Б., Бегимова Г.А.**

«Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту: тәжірибе, мәселелер және перспективалары» атты ғалымдар мен мұғалімдердің халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы материалдарының жинағы. 2 томдық., 2-т. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2025. – 280 бет.

ISBN 978-601-385-146-4

Бұл жинақта тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту мәселесінің ғылыми-теориялық және әдістемелік мәселелері қарастырылып, заманауи озық тәжірибелері жинақталды. Авторлар еңбектерінде білім беру кеңістігінде тұлғаның рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту, тіл арқылы мәдениет пен ұлттық дүниетанымды меңгерту, әдеби шығармаларды аксиологиялық тұрғыдан талдау сияқты мәселелер ғылыми тұрғыда ұсынылды.

Сонымен қатар, жинаққа құндылыққа негізделген тілдік және әдеби білім берудің инновациялық әдістерін, педагогтардың кәсіби даярлығы мен құзыреттілігін жетілдіру жолдарын, қазіргі білім беру жүйесіндегі гуманистік бағыттардың орны мен болашағын айқындауға бағытталған енгізілді.

Материалдар тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту әдістемесінің, аксиолингводидактиканың өзекті бағыттарына қызығушылық танытқан зерттеушілерге, жоғары оқу орындарының оқытушыларына, мектеп мұғалімдеріне және магистранттарға арналады.

ISBN 978-601-385-146-4

ӘОЖ 80/81+821
ББК 81.2+84

© Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2025.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ТҰЛҒА МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ БІРЛІГІ: ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕМЕЛІК ІЗДЕНІС

И.З. Ботырова¹, А.К. Курманова²

¹3 курс студенті, ² қауымдастырылған профессор, PhD, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан.

Қазіргі қоғамдағы білім беру жүйесінің басты мақсаты – тұлғаның жан-жақты дамуын, рухани байлығын және құндылықтық бағдарын қалыптастыру. Бүгінгі білім алушыдан тек білім мен білік қана емес, сонымен қатар адамгершілік ұстаным, мәдениетаралық түсіністік пен әлеуметтік жауапкершілік талап етіледі. Осы тұрғыдан алғанда, тұлғаға бағдарланған және құндылық бағдарлы оқыту білім беру үдерісінің өзегіне айналып отыр. Бұл екі бағыттың тоғысуы білім сапасын арттырумен қатар, оқушының ішкі әлеуетін ашуға, оның рухани және азаматтық бейнесін қалыптастыруға жол ашады.

Қазақ тілін оқыту үдерісінде тұлға мен құндылықтың өзара байланысы ерекше мәнге ие. Өйткені тіл – ұлттық мәдениеттің, дүниетаным мен рухани мұраның басты тасымалдаушысы. Қазақ тілін меңгеру арқылы оқушылар тек тілдік нормаларды үйреніп қана қоймай, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңіреді. Демек, тілді оқыту тек қатысымдық мақсатпен шектелмей, тұлғаның рухани дамуына бағытталуы тиіс. Тұлғаға бағдарланған оқыту технологиясы оқушының жеке ерекшеліктерін, қабілеттері мен қызығушылықтарын ескеріп, оны оқу әрекетінің белсенді субъектісіне айналдыруды көздейді. Ал құндылық бағдарлы оқыту осы әрекеттің мазмұнын адамгершілік, ұлттық және мәдени құндылықтармен байытады. Екі бағыттың бірлігінде білім алушы өз ойын еркін жеткізіп, өзгелердің пікірін құрметтеуге, ұлттық болмысты тануға және өмірлік ұстаным қалыптастыруға үйренеді.

Бүгінгі таңда орта буын (5–8 сынып) оқушыларына арналған қазақ тілі бағдарламасы осы тұтастықты жүзеге асырудың кең мүмкіндіктерін ұсынады. Бұл кезеңде оқушылардың тілдік қабілеті мен дүниетанымы қарқынды дамиды, сондықтан олардың бойында тіл арқылы құндылықтық сана қалыптастыру – әдістемелік тұрғыдан аса маңызды міндет. Қазіргі білім беру парадигмасы білім алушыны оқу үдерісінің орталық тұлғасы ретінде қарастыруды көздейді. Тұлғаға бағдарланған оқыту технологиясы – білім алушының жеке ерекшеліктерін, қабілеттерін, өмірлік тәжірибесін және ішкі әлеуетін дамытуға бағытталған заманауи педагогикалық жүйе. Мұндай оқытуда басты назар дайын білімді меңгертуден гөрі, оқушының өз бетімен ізденіп, жеке тәжірибе арқылы білім құрастыруына аударылады.

Психологиялық тұрғыдан алғанда, тұлғаға бағдарланған тәсіл Л. С. Выготскийдің «жақын даму аймағы» теориясына [1], К. Роджерстің гуманистік педагогика қағидаларына [2] және Ш. А. Амонашвилидің тұлғаны сыйлау мен сенім арту идеяларына сүйенеді [3]. Бұл бағыттың өзегі – әр оқушының даралығын мойындау және оның даму жолына жағдай жасау. Тұлға тек білім объектісі емес, өз тағдыры мен оқуының белсенді субъектісі ретінде танылады.

Педагогикалық тұрғыдан алғанда, тұлғаға бағдарланған оқыту келесі қағидаттарға негізделеді:

Субъектілік қағидаты – оқушы оқу үдерісінде белсенді әрекет етуші тұлға;

Ынтымақтастық қағидаты – мұғалім мен оқушының өзара серіктестік қатынасы;

Рефлексия қағидаты – оқушының өз оқу нәтижесін талдауы мен бағалауы;

Мотивация қағидаты – оқу әрекетінің ішкі қызығушылыққа негізделуі;

Жеке даму траекториясы – әр оқушының қабілетіне сай тапсырмалар мен оқу жолын даралау.

Қазақ тілін оқытуда тұлғаға бағдарланған технологияларды қолдану тіл үйретудің дәстүрлі тәсілдерін жаңаша көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Сабақ құрылымы оқушының белсенді қатысуына, өз ойын еркін жеткізуіне, шығармашылық ізденісіне бағытталады. Мысалы, диалогтік және топтық жұмыс, жобалық әдіс, зерттеушілік тапсырмалар, өзіндік рефлексия элементтері оқушыларды дербес ойлауға, пікір айтуға, өмірлік тәжірибемен байланыстыруға жетелейді.

5–8 сынып деңгейінде тұлғаға бағдарланған оқыту оқушылардың жас ерекшелігіне сай ерекше рөл атқарады. Бұл кезең – тұлғалық қалыптасудың қарқынды жүретін уақыты. Сондықтан мұғалімнің басты міндеті – оқушылардың тілдік дамуын олардың өзін-өзі тануымен, бағалауымен және құндылықтық бағдарымен байланыстыру. Сабақ барысында оқушылар өз пікірін қорғау, өзгенің көзқарасын құрметтеу, ұлттық мәдениетке қызығушылық таныту арқылы әлеуметтік және эмоционалдық интеллектіні дамытады.

Тұлғаға бағдарланған тәсілдің тиімділігі – оның мазмұндық, мотивациялық және эмоциялық үйлесімінде. Қазақ тілі сабақтарында бұл технологияны қолдану оқушылардың тілге деген сүйіспеншілігін арттырып, оқу әрекетінің мәнін өмірлік құндылықтармен ұштастыруға мүмкіндік береді. Мұндай сабақтарда оқушы тек грамматикалық формаларды меңгеріп қана қоймай, сонымен бірге өзіндік ой, жауапкершілік және мәдени сезім қалыптастырады.

Құндылық бағдарлы оқыту – білім берудің гуманистік парадигмасына сүйенетін, оқушы тұлғасын рухани және адамгершілік тұрғыдан қалыптастыруды көздейтін заманауи педагогикалық бағыт. Бұл ұғымның негізінде білім тек ақпарат пен дағды жүйесі ғана емес, тұлғаның өмірлік ұстанымдары мен мінез-құлық мәдениетін қалыптастыратын рухани процесс деген түсінік жатыр.

Педагогикалық әдебиеттерде құндылық ұғымы адамның мінез-құлқын, шешім қабылдауын және өмірлік бағдарын айқындайтын ішкі өлшем ретінде қарастырылады. Т. Рысқалиева, Н. Д. Хмель, Б. Айтмамбетова сияқты ғалымдар еңбектерінде білім беру үдерісінің негізгі мақсаты – құндылықтық сана мен адамгершілік мәдениетті қалыптастыру екені баса көрсетіледі [4]. Ал Е. И. Пассов пен В. Л. Скалкиннің қатысымдық оқыту тұжырымдамасында құндылықтар тілдік қарым-қатынас арқылы көрініс табатыны дәлелденген [5; 6]. Құндылық бағдарлы оқытудың басты ерекшелігі – білім мазмұны мен оқыту әдістерін оқушының рухани-адамгершілік дамуына бағыттау. Бұл тұрғыда қазақ тілін оқыту ерекше әлеуетке ие, себебі тіл – ұлттық сана мен мәдениет, дүниетаным мен этикалық дәстүрдің негізгі тасымалдаушысы. Оқушы қазақ тілін үйрену арқылы ұлттық құндылықтар жүйесін, соның ішінде отансүйгіштік, еңбексүйгіштік, кішіпейілділік, сыйластық, әділдік сияқты қасиеттерді бойына сіңіреді.

Құндылық бағдарлы оқыту мазмұнында үш деңгей айқындалады:

Танымдық деңгей – оқушының құндылықтар туралы түсінігін қалыптастыру;

Эмоциялық деңгей – құндылықтарға жеке қатынасын сезіну, оларды қабылдау;

Іс-әрекеттік деңгей – құндылықтық ұстанымдарын күнделікті мінез-құлық пен тілдік әрекет арқылы жүзеге асыру.

Қазақ тілін оқыту тәжірибесінде бұл деңгейлер сабақтың барлық кезеңінде көрініс табады. Мысалы, мәтін мазмұнын талдау барысында оқушылар кейіпкердің іс-әрекетіне баға береді, өзінің ұстанымын білдіреді, сөйтіп, тіл арқылы құндылықтық рефлексия үдерісіне қатысады. Мұндай әдістер оқушылардың адамгершілік ойлауын дамытып, өмірлік тәжірибесімен байланыстыра білуге үйретеді.

Құндылық бағдарлы оқытуды жүзеге асыруда мұғалімнің рөлі ерекше. Мұғалім тек ақпарат жеткізуші емес, керісінше, құндылықтар трансляторы мен үлгісі бола білуі тиіс. Ол сабақ барысында оқушылармен эмоционалды байланыс орнатып, жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру арқылы өз іс-әрекетімен құндылықтық үлгі көрсетеді.

Заманауи кезеңде құндылық бағдарлы оқыту цифрлық және интерактивті технологиялармен ұштастырылуда. Мәселен, мультимедиялық мәтіндер, бейнеконтент, виртуалды диалогтар мен ойын элементтері арқылы оқушылардың құндылықтық танымын кеңейтуге болады. Осындай интеграция оқытудың мазмұнын байытып қана қоймай, оқушының рухани әлеуетін жаңа деңгейге көтереді.

Құндылық бағдарлы оқыту нәтижесінде оқушыларда тілдік құзыреттілікпен қатар рухани кемелдену, мәдениетаралық қатынастағы толеранттылық және азаматтық жауапкершілік сияқты сапалар дамиды. Бұл өз кезегінде тұлғаның өмір бойы білім алуға және қоғамда белсенді әрекет етуге дайын болуын қамтамасыз етеді.

Қазақ тілін оқытудағы тұлға мен құндылықтың бірлігі – білім алушының тілдік, рухани және мәдени дамуын қамтамасыз ететін күрделі педагогикалық жүйе. Бұл жүйеде тұлғаның зияткерлік өсуі құндылықтық сана арқылы реттеліп, білім мазмұнының рухани мәні күшейтіледі. Оқушы тілді үйрене отырып, өзінің ұлттық болмысын, мәдени тамырын және адамгершілік ұстанымдарын таниды. Сондықтан заманауи әдістемелік ізденістерде тұлға мен құндылықты өзара сабақтастыра оқыту тиімді нәтиже береді.

Тұлға мен құндылықтың бірлігіне негізделген әдістемелік модель үш өзара байланысқан компоненттен тұрады:

Мақсаттық компонент – оқушының тұлғалық және рухани дамуын қамтамасыз ету, қазақ тілін үйрету арқылы адамгершілік пен мәдени құндылықтарды дарыту.

Мазмұндық компонент – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтармен байытылған тілдік материалды іріктеу (мәтіндер, жағдаяттар, мақал-мәтелдер, кейіпкерлер әрекеті т.б.).

Әрекеттік компонент – тұлғаның белсенді қатысуын қамтамасыз ететін қатысымдық және интерактивтік әдістер жүйесі.

Бұл модельдің табысты жүзеге асуы үшін оқыту үдерісі білім беру, тәрбиелеу және дамытушылық мақсаттарды біртұтас қарастыруды қажет етеді.

Қатысымдық жаттығулар – тұлға мен құндылықты бірлікте дамытудың ең тиімді құралдарының бірі. Олар оқушылардың тілдік белсенділігін арттырумен қатар, адамгершілік және әлеуметтік құндылықтарға баулиды. Мысалы:

Диалогтік пікірлесім – «Дос болу деген не?», «Әділ болу не үшін қажет?» сияқты тақырыптар арқылы оқушы өз көзқарасын білдіреді, өзгелердің пікірін тыңдауға үйренеді.

Жағдаяттық тапсырмалар – күнделікті өмірден алынған мысалдар негізінде тілдік қарым-қатынас құру («Қиын жағдайда досыңды қалай қолдайсың?», «Сыныптағы түсініспеушілікті қалай шешуге болады?»).

Мәтін арқылы құндылықты талдау – көркем немесе публицистикалық мәтіндегі кейіпкердің іс-әрекетін бағалау, сол арқылы өз өмірлік ұстанымымен салыстыру.

Мұндай жаттығулар тілдік дағдыларды (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) дамытумен қатар, оқушының рефлексиялық ойлауын, өз-өзіне баға беру қабілетін және құндылықтық шешім қабылдау дағдысын қалыптастырады.

Мысалы, 6-сыныптағы «Отбасындағы сыйластық» тақырыбында өткізілетін сабақ төмендегі әдістемелік кезеңдерге құрылуы мүмкін: Қызығушылықты ояту: отбасылық құндылықтарға байланысты бейнеүзінді көру немесе суреттер талдау. Мағынаны тану: оқушылар «Менің отбасымның ең маңызды құндылығы» тақырыбында шағын пікірталасқа қатысады. Тілдік әрекет: қатысымдық жаттығулар (диалог құру, жағдаятты шешу, мәтінмен жұмыс). Рефлексия: оқушылар өз ойларын жазбаша немесе ауызша түрде қорытындылайды («Мен не түсіндім?», «Мен үшін маңызды ой не болды?»).

Сабақ барысында Padlet, Mentimeter, Kahoot, Canva сияқты цифрлық платформаларды пайдалану оқушылардың ынтасын арттырып, құндылықтық мазмұнды заманауи форматта ұсынуға мүмкіндік береді.

Тұлға мен құндылық бірлігін қамтамасыз ететін оқыту жүйесінің нәтижелері төмендегі өлшемдер арқылы бағалануы мүмкін:

Оқушының тілдік белсенділігі мен өз ойын еркін жеткізу қабілеті;

Өз іс-әрекетіне және айналасына сындарлы көзқараспен қарау;

Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға оң қатынас қалыптастыру;

Топтық жұмыс барысында жауапкершілік пен сыйластық таныту;

Рефлексия мен өзін-өзі бағалау дағдысының дамуы.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, тұлға мен құндылықтың өзара сабақтастығы оқушылардың оқу мотивациясын арттырып, тілдік қатысым сапасын едәуір жақсартады.

Қорыта келгенде, тұлға мен құндылықтың бірлігіне негізделген әдістемелік модель қазақ тілін оқытудың мазмұнын жаңғыртып қана қоймай, оқушының рухани, мәдени және әлеуметтік тұрғыдан кемелденуіне жағдай жасайды. Мұндай тәсіл ХХІ ғасыр талабына сай – адамгершілігі жоғары, саналы, өз ұстанымы бар тұлғаны қалыптастырудың басты тетігі болып

саналады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, 5–8 сынып бағдарламасында қазақ тілін оқытуда тұлғаның белсенді қатысуына, рефлексия жасауына, өз пікірін еркін білдіруіне, құндылықтарға негізделген шешім қабылдауына мүмкіндік беретін әдістемелік тәсілдер маңызды орын алады. Мұндай тәсілдер оқыту процесін жандандырып қана қоймай, оқушыны тілдік, мәдени және адамгершілік тұрғыдан дамытуға бағыттайды. Тұлға мен құндылық бірлігіне сүйенген оқыту үдерісі мұғалімнен кәсіби икемділік, әдістемелік жаңашылдық және оқушының ішкі әлемін түсіне білу қабілетін талап етеді. Демек, болашақ қазақ тілі мұғалімдерін даярлауда да осы бағыттағы әдістемелер мен технологияларды меңгерудің маңызы ерекше. Осылайша, қазақ тілін оқытуда тұлға мен құндылықтың бірлігін қамтамасыз ету – оқыту мазмұнын жаңартудың, білім сапасын арттырудың және ұлттық рухани мұра мен заманауи құндылықтарды сабақтастырудың маңызды бағыты болып табылады.

Мақала АР23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты жоба аясында жазылды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Выготский Л. С. Педагогическая психология. – Москва: Педагогика, 1991. – 480 с.
2. Роджерс К. Взгляд на психотерапию. Становление человека. – Москва: Прогресс, 1994. – 480 с.
3. Амонашвили Ш. А. Здравствуйте, дети! – Москва: Педагогика, 1983. – 256 с
4. Рысқалиева Т. Құндылықтық бағыттағы білім берудің теориялық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 220 б.
5. Пассов Е. И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. – Москва: Просвещение, 1991. – 223 с.
6. Скалкин В. Л. Обучение устной иноязычной речи в средней школе. – Москва: Просвещение, 1981. – 144 с.

IT ТЕХНОЛОГИИ И ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ОРИЕНТИРОВАННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ ОБУЧЕНИЯ ЯЗЫКОВЫХ ДИСЦИПЛИН В НЕЯЗЫКОВОМ ВУЗЕ

Гакрама К.М.

К.ф.н., ассоциированный профессор, МОК, КазГАСА, Алматы, Казахстан.

В настоящее время профессионально-ориентированное обучение языкам студентов технических специальностей приобретает особую значимость. Высшее образование Казахстана переживает значительные изменения, связанные с принятием новых государственных образовательных стандартов, социальными преобразованиями и научно-технической модернизацией. Динамичное развитие технологий, компьютеризация и расширение коммуникаций в сфере образования и науки сопровождаются таким же динамичным изменением общественных потребностей в уровне и качестве профессионализма современных работников. Указанные выше тенденции выдвигают новые требования к выпускнику вуза. Это должен быть профессионально адаптированный специалист, способный постоянно и активно приобретать и использовать знания, умения, опыт для решения возникающих профессиональных задач, обладающий хорошо сформированной профессионально-коммуникативной компетенцией и умеющий интегрировать ее в структуру своей профессиональной деятельности [1].

В настоящее время языковое обучение носит профессионально-ориентированный характер, для студентов архитектурно-строительного направления осуществляется межпредметная связь, поскольку все темы курса и рабочей программы соответствуют типовым программам, а также детально согласовываются со специалистами других факультетов на стадии формирования. Проводится работа с терминами, задания строятся на основе профессионально-ориентированных текстов, используется разбор литературного описания архитектурного пространства.

Практическое занятие по русскому языку для студентов с казахским языком обучения состоит из четырех видов речевой деятельности. Общее построение занятия состоит из